Жүйеге үй тапсырмалары туралы ақпаратты енгізу негізінде бірқатар есептер құрастырылады, мысалы, «ЭЖК жүргізу статистикасы», «Белсенділік: Жалпы», «ҮТ орындау уақыты».

Жүйеде есеп дұрыс құрылу үшін, кестеде құрылған **әрбір сабаққа**, **күнтізбелік жоспарлауда үй тапсырмасы тағайындалуы тиіс.** Егер **пән бойынша сабақтарда үй тапсырмалары жоқ болса**, онда «ҮТ сабақтарының %» бағанасында «ЭЖК жүргізу статистикасы» есептерінде 0%-ға тең болады, бұл дұрыс көрсеткіш болып табылады.

## Үй тапсырмасының күйін өзгерту

Оқушылардың үй тапсырмаларының орындауына қарай, **берілген үй тапсырмаларды «Орындалды» күйіне ауыстыру қажет**. Осы көрсеткіштің негізінде «Белсенділік: жалпы» есебінің мәні құрылады.




01.08.2019 және 31.07.2020 аралығы бойынша деректер

| Көрсеткіш | тамыз | қыркүйек | қазан | қараша | желтоқсан | қаңтар | ақпан | наурыз | сәуір | мамыр | маусым | шілде | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Кіру: пайдаланушылар | 220 | 212 | 271 | 199 | 242 | 281 | 155 | 211 | 285 | 199 | 187 | 159 | 2621 |
| Кіру: қызметкерлер | 143 | 151 | 173 | 159 | 145 | 143 | 108 | 157 | 212 | 151 | 131 | 125 | 1798 |
| Кіру: оқушылар | 48 | 28 | 53 | 13 | 60 | 60 | 24 | 37 | 55 | 34 | 27 | 26 | 465 |
| Кіру: ата-аналар | 107 | 121 | 146 | 124 | 139 | 185 | 85 | 112 | 141 | 109 | 109 | 75 | 1453 |
| Топтар: жаңа | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 5 | 21 | 0 | 0 | 6 | 32 |
| Оқиғалар: жаңа | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 2 | 0 | 0 | 0 | 0 | 2 |
| Мектеп: бағалар | 6016 | 21 | 53 | 456 | 116 | 77 | 100 | 21 | 485 | 44 | 71 | 23 | 7483 |
| Мектеп: ҮТ жасалды | 1467 | 40 | 6 | 58 | 4 | 231 | 14 | 115 | 92 | 10 | 6 | 46 | 2089 |
| Мектеп: ҮТ берілді | 320 | 17 | 6 | 26 | 4 | 1 | 14 | 14 | 47 | 9 | 6 | 47 | 511 |
| Мектеп: ҮТ жабық | 0 | 0 | 31 | 1 | 3 | 3 | 2 | 2 | 9 | 2 | 0 | 3 | 56 |
| Пайдаланушылар: белсендірілгендер | 8 | 3 | 2 | 3 | 9 | 28 | 5 | 2 | 30 | 4 | 1 | 7 | 102 |
| Пайдаланушылар: жаңа | 7 | 2 | 1 | 13 | 5 | 13 | 5 | 2 | 29 | 2 | 9 | 12 | 100 |
| Топтар: қатысушылар | 3 | 1 | 1 | 1 | 0 | 2 | 3 | 131 | 164 | 33 | 4 | 24 | 367 |
| Оқиғалар: қатысушылар | 4 | 1 | 0 | 0 | 2 | 0 | 0 | 9 | 0 | 0 | 2 | 0 | 18 |

**Үй тапсырмасының күйін өзгерту** үшін:

- «Мектеп - Үй тапсырмалары» қойындысына кіру;
- үй тапсырмаларын көрсету параметрлерінің баптауында көрсету:
  - оқу жылы;
  - пән;
  - сынып;
  - үй тапсырмасын берген қызметкер;
  - үй тапсырмасын орындау мерзімін көрсету.
- «Табу» батырмасын басу:




| Тапсырма сипаттамасы | Пән | Кімге берілді | Сабақ | Есеп | Күйі |
|---|---|---|---|---|---|
| №578, стр.126 | Алгебра | Демо 4 | 5 мамыр 2020 2 сабақ | 5 / 0 / 1 | Берілді |
| Тест | Алгебра | Демо 4 | 29 сәуір 2020 3 сабақ | 6 / 0 / 0 | Берілді |
| №401 | Алгебра | Демо 4 | 28 сәуір 2020 2 сабақ | 5 / 0 / 1 | Берілді |
| №503 | Алгебра | Демо 4 | 28 сәуір 2020 2 сабақ | 5 / 0 / 1 | Берілді |
| повторение | Алгебра | Демо 4 | 27 сәуір 2020 1 сабақ | 6 / 0 / 0 | Берілді |
| №392 | Алгебра | Демо 4 | 24 сәуір 2020 3 сабақ | 6 / 0 / 0 | Берілді |
| №396 | Алгебра | Демо 4 | 24 сәуір 2020 3 сабақ | 6 / 0 / 0 | Берілді |
| №444,445 | Алгебра | Демо 4 | 23 сәуір 2020 1 сабақ | 6 / 0 / 0 | Берілді |

- одан әрі күйін өзгертуге қажет үй тапсырмасының мәтініне басу қажет:



| Тапсырма сипаттамасы | Пән | Кімге берілді | Сабақ | Есеп | Күйі |
|---|---|---|---|---|---|
| №578, стр.126 | Алгебра | Демо 4 | 5 мамыр 2020 2 сабақ | 5 / 0 / 1 | Берілді |
| Тест | Алгебра | Демо 4 | 29 сәуір 2020 3 сабақ | 6 / 0 / 0 | Берілді |
| №401 | Алгебра | Демо 4 | 28 сәуір 2020 2 сабақ | 5 / 0 / 1 | Берілді |
| №503 | Алгебра | Демо 4 | 28 сәуір 2020 2 сабақ | 5 / 0 / 1 | Берілді |
| повторение | Алгебра | Демо 4 | 27 сәуір 2020 1 сабақ | 6 / 0 / 0 | Берілді |
| №392 | Алгебра | Демо 4 | 24 сәуір 2020 3 сабақ | 6 / 0 / 0 | Берілді |
| №396 | Алгебра | Демо 4 | 24 сәуір 2020 3 сабақ | 6 / 0 / 0 | Берілді |
| №444,445 | Алгебра | Демо 4 | 23 сәуір 2020 1 сабақ | 6 / 0 / 0 | Берілді |
| №390 | Алгебра | Демо 4 | 22 сәуір 2020 3 сабақ | 6 / 0 / 0 | Берілді |
| №365, №373; №378, 380; №385, №386 | Алгебра | Демо 4 | 21 сәуір 2020 2 сабақ | 6 / 0 / 0 | Берілді |



- үй тапсырмасының бетінде үй тапсырмасының күйін жаппай өзгерту үшін «Күйі» бағанындағы «Қосу» батырмасына басу қажет:




- жеке оқушылардың үй тапсырмасының күйін өзгерту үшін, таңдаған оқушының аты-жөніне қарама-қарсы «Күйі» бағанасында үй тапсырмасы күйінің мәніне басу қажет:



- ашылмалы тізімде үй тапсырмасын орындаған үшін оқушыға «Орындалды» күйін басу немесе, егер оқушыға үй тапсырмасы қате берілсе «Бас тарту» мәртебесін таңдау.

## Үй тапсырмасын беру параметрлерін баптау

Пән бойынша мұғалімнің үй тапсырмасын жасау кезде келесі параметрлерді баптау мүмкіндігі бар:

- баға түрі;
- журналдардағы көріну деңгейі:
    - көрсету (осы параметрді таңдағанда, журналда осы үй тапсырмасы үшін баған пайда болады);

**Ескерту:** үй тапсырмалары үшін бағалар журналда **сұр түспен** белгіленеді.

- 
    - көрсетпеу (үй тапсырмасының бағалары пән журналында көрсетілмейді).

- үй тапсырмасын тексеру қажеттілігі:
    - тексеру талап етіледі (пән бойынша мұғалім орындалған үй тапсырмаларымен танысқанша және олардың күйін өзгертпегенше, үй тапсырмасы жабылмайды);
    - тексеру талап етілмейді (оқушылардың үй тапсырмасы орындалғаннан кейін жабылады).

- нәтижесі бар файлды жіберу қажеттілігі:
    - нәтижесі бар файл қажет (оқушыларда файлды үй тапсырмасына қосу мүмкіндігі пайда болады);
    - нәтижесі бар файл қажет емес (оқушыларда орындалған үй тапсырмасы бар файлды қосу мүмкіндігі болмайды):




**Ескертулер:**

- үй тапсырмасы берілген сабақ күні басталғаннан кейін, **үй тапсырмасының мәтінін өзгерту ұсынылмайды**;
- жүйеде үй тапсырмаларын жаппай жабу **мүмкін емес**.